ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№7 (1476)
5 наурыз
2013 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz



**Ғалым МҰТАНОВ,**
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры:*

## *Құрметті ҚазҰУ арулары мен аяулы ұстаздар!*

*Сіздерді көктемнің шуақты күні – әсемдік, нәзіктік, мейірім күні – 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесімен шын шүректен құттықтаймын!*

*Ана – өмірдің гүлі, тіршіліктің негізі. «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген қанатты сөз бар. Ғажайып мерекенің көгілдір көктем мезгілімен тұспа-тұс келуі де жақсылықтың нышанындай. Бүгінде отбасының тыныштыған, береке-бірлігін сақтап қана қоймай, қоғамның әр саласында қызмет етіп, еліміздің өркендеуіне, өсуіне тікелей атсалысып жүрген аруларымыз қаншама. Олардың көпшілігі ҚазҰУ түлектері деп сеніммен айта аламын. Білімді де, білікті қыз балаларды оқытып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруде университетіміздің алар орны ерекше. Қазақ қызы иманды, білікті болса, ұрпағымыз саналы, білімді болмақ.*

*Наурыз – әдеміліктің, әсемдіктің кезі. Әсемдік пен әдемілік – әйелге ерекше берілген дүние. Сондықтан да ардақты аналарға, аруларға әрдайым әсемдікті тілеймін. Отбасының ұйытқысы, берекесі болған аналарымыздың ұлтжанды, өнегелі, иманды ұрпақ тәрбиелеудегі еңбектері зор.*

*Аналарды құрметтеу, әйелдер күні ретінде елімізде игі дәстүрге айналған мереке әрқайсыларыңыздың шаңырақтарыңызға тек шаттық, жақсылық әкелгей! Өмірдің көркі болған аяулы арулар, ардақты аналар мерекелеріңіз құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, толағай табыстар тілейміз! Көркейіңіздер, биіктерді бағындырып, өсе беріңіздер!*

**Жер-дүниені жылы шуағына бөлеген көктем мезгілінің алғашқы мейрамы – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні. 1966 жылдан КСРО көлемінде бекітілген айтулы мереке халқымыздың өмірінен орын алып үлгергені анық. Қыз-келіншектер, аяулы аналар бұл күнді асыға күтеді. Ер-азаматтарымыз да арнайы сыйлық дайындап, әпке-қарындастарына, сүйікті жар, аяулы ана, ақ самайлы әжелеріне қуаныш сыйлауды парыз санайды.**

## *«Бәрі сіздер үшін»*



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ер-азаматтары да осы үрдісті жақсы дәстүрге айналдырып отыр. Биыл үшінші жыл ұйымдастырылып отырған мерекелік концерт жарқын сәттерімен есте қаларлықтай биік деңгейде өткізіліп келеді. Бұл жолы да ҚазҰУ басшылығы, факультет декандары, декан орынбасарлары, кафедра меңгерушілері, сондай-ақ оқытушылар, Ақсақалдар кеңесінің мүшелері ҚазҰУ аруларына арнап 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай концерттік бағдарлама ұсынбақ. Бұл күні университет азаматтары орындайтын Абайдың, Шәмшінің, Нұрғисаның әндері ҚазҰУ қалашығын көңілді әнге бөлеп, домбыра үні көңілді күймен тербемек. Жылдан-жылға аналарға, асыл жандарға, сүйікті қарындастарға арнайтын азаматтардың қызықты да, мағыналы концерттік бағдарламасы ҚазҰУ-дағы қалыптасқан ұжымдық мәдениеттің зор көрінісі. Ендеше 6 наурыз күні бәріміз «Бәрі сіздер үшін» атпен өткізілетін ҚазҰУ-дың ер-азаматтарының өнерін паш ететін кеште жолығайық.

**Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**

# Үздік нәтижені бекіте түсу – міндет

**4 наурыз күнгі ғылыми кеңес және ректорат мәжілісі дәстүр бойынша студенттерге арналған атаулы шәкіртақылар тапсыру және оқытушы профессорлар қауымын жетістіктерімен құттықтаудан басталды.**

ҚазҰУ-дың алғашқы түлектерінің бірі, ҚР ҰҒА академигі Т.Мәсенов атындағы атаулы шәкіртақыны тағайындаған ғалымның қызы Алма Төлегенқызы жылы лебізін білдірді. «Әкемнің бүкіл ғұмыры ҚазҰУ-мен тікелей байланысты. Біз және біздің немерелеріміз де ҚазҰУ-да оқып, білім нәрінен сусындадық. Білікті маман атандық. Тұлға болып қалыптастық», – деді ол. ҚазҰУ-дың өз әулетінде алар ерекше орнына тоқталды. Университет басшысы Ғалым Мұтанұлы шәкіртақы иелерін құттықтай отырып, соңғы екі жылда 300-ден астам стипендия тағайындалғанын тілге тиек етті.

Күн тәртібіне көшкен тұста, алдымен, ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабыл Рамазановтың баяндамасы тыңдалды. Ол ҚазҰУ-дың 2012 жылғы ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін қорытындылады және университеттің ғылыми-инновациялық құрамдас бөлігін арттыру жолдарына тоқталды. «2012 жылы ғалымдарымыз 3 млрд. 506 млн. теңгені құрайтын 399 жобаны іске асырды», – деді ол. Ғылыми зерттеу жұмыстарына бөлінген 2011 жылғы 1180,2 млн. теңгемен салыстырар болсақ, биылғы көрсеткіш ҚазҰУ ғалымдарының қарқынды өсуінен хабар береді. Сонымен қатар проректор жобаларды қаржыландырған халықаралық фондтар мен ұйымдарға шолу жасады.

ҚазҰУ-да өткен жылы 68 халықаралық конференция мен симпозиум, 17 республикалық конференция және 117 ғылыми семинар мен дөңгелек үстел өткен. Олардың ішінде аса маңызды әрі ірі шаралар ретінде «Жол картасы «Бизнес және ғылым–2020» халықаралық семинар-мәжілісі, ҚР Конституциясы күніне арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, «Энерготиімділік технологиялары: заманауи бағыт және келешек дамуы» ғылыми-тәжірибелік конференциясы т.б. аталды. Сондай-ақ 2012 жылы университетімізде Нобель сыйлығының лауреаттары Нэш Джон, Кристофер Писсаридес, Мюррей Гелл-Манн қонақта болып, дәріс оқыды.

Тілекқабыл Сәбитұлы өз баяндамасында ҚазҰУ қызметкерлерінің 2012 жылы жеткен жетістіктері, марапаттарын хабарлады. Академик Ғалым Мұтанұлының «Mathematical Methods and Models in Economics» атты монографиясы Нобель сыйлығының лауреаты Джон Нэштің аса жоғары бағалауына ие болғанын және политология кафедрасының докторанты Қадыржан Смағұловтың монографиясы шетелдік басылымдарда жарияланып, үздік еңбектер қатарынан табылғанын ерекше атап өтуге болады. Ал, ҚазҰУ студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары жөнінде айтар болсақ, 2012 жылы олардың қатысуымен 328 ғылыми семинар мен дөңгелек үстел ұйымдастырылған. Жыл қорытындысын жасай отырып, проректор болашақта атқарылуы тиіс міндеттерді де айқындап берді.

Еліміздегі үздік университеттің 2012 жылғы жетістіктері мен бағындырған биіктері осындай. Көңілді марқайтар, қуантар дүниелер жетерлік, алайда, жоғары дәрежемізді сақтай отырып, бұдан да биік белестерді бағындыру – заман талабы. Сонымен, 2012 жыл ҚазҰУ ұжымы үшін табысты, жетістікке толы болды. Болашақта осы биік дәрежені нығайтып, бекіте түсу міндеттелді мәжілісте. Проректордан соң сөз алған оқытушы профессорлар қауымы да осы пікірді нықтай түсті.

**Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**

## Мәдениет пен білім саласындағы әріптестік жалғастығы

**Қазақстан мен Ауғанстанның арасында мәдениет пен білім саласында белсенді ынтымақтастық орнаған. Әсіресе, білім саласында атқарылған шара аз емес.**

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беруге дайындық кафедрасы Алматыдағы Ауған Ислам Республикасының консулы Азиз Рахман Файки мырзамен дөңгелек үстел өткізді.

Кездесу барысында ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің деканы Т. Молдаханов факультет тарихымен, жалпы жағдайымен, білім жүйесімен, оқу-әдістемелік жұмыстарымен таныстырды. Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беруге дайындық кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Ә. Нұршайықова кафедрада жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеулердің жаңа бағыттарымен таныстырып, оқу-әдістемелік жабдықталуы, ерекшеліктері мен басым тұстары туралы мәлімдеме жасап, тәжірибе алмасу, біліктілікті арттыру, ғылыми, мәдени байланыстар орнату туралы ұсыныстар жасалынды.

Алматыдағы Ауған Ислам Республикасының консулы Азиз Рахман Файки мырза өз еліндегі жоғары оқу орындарының тарихымен, білім берудегі өзіндік жүйесімен, әдіс-тәсілдерімен, қазіргі заманғы жаңалықтарымен таныстырып, ой бөлісті. Тәжірибе алмасу және біліктілікті арттыру мақсатында өткен кездесуде екі жақты студенттермен және білікті, тәжірибелі оқытушылармен тәжірибе алмасу туралы әңгіме жалғасын тауып, келген қонақ факультеттегі мұражайды аралап, өз қызығушылығын білдірді.

**А.Е САДЕНОВА,**
*ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беруге дайындық кафедрасының доценті*

**4 наурыздағы ғылыми кеңес және ректорат мәжілісінде биология және биотехнология факультеті мен химия және химиялық технология факультеті оқуда және ғылыми зерттеу жұмыстарында айрықша көзге түскен үздік студенттерді салтанатты түрде марапаттады. Еңбектері жоғары бағаланып, шәкіртақыға ие болған студенттердің бал-бұл жанған жүздерінен қуаныштары айқын сезіліп тұрды. Көпшіліктің қолдауы жастарымызды қанаттандырып, білімге, ғылымға деген ынтасын арттыра түскені де анық.**

## Жетістіктер арта берсін!

Сондай-ақ Бас ғалым хатшы Ләззат Маратқызы ҚР Ұлттық ғылым академиясы Президиумының 2013 жылғы 28 ақпандағы жалпы мәжілісінде жарияланған конкурстың нәтижесі де Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшелері болып сайланған ҚазҰУ қызметкерлерінің есімімен таныстырды. Олар: «Химия» мамандығы бойынша Мұхамбетқали Бүркітбаев, «Математика» мамандығы бойынша Нарғозы Данаев, «Физика» мамандығы бойынша Асқар Давлетов, «Археология» мамандығы бойынша Жакен Таймағанбетов. Сонымен қатар Қалқаман Жұмағұлов пен Гүлнәз Ахметова ҚР Ұлттық ғылым академиясының құрметті мүшелері атанды. ҚазҰУ ғалымдары өз тәжірибелерімен отандық ғана емес, шетелдік әріптестерімен бөлісе отырып, құрметті дәрежеге көтерілуде. Осы орайда ректор Ғалым Мұтанов дифференциалдық теңдеулер және басқару теориясы кафедрасының профессоры Салтанбек Мұхамбетжановқа Ресей жаратылыстану академиясының мүше-корреспонденті, Ресей жаратылыстану академиясының Ғылым және білім беру ісінің еңбегі сіңген қайраткері, Халықаралық жаратылыстану тарихы академиясының нағыз мүшесі дипломдарын салтанатты түрде табыстады және ғалымның үлкен жетістігін атап өтті.

Сонымен қатар жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу ісіне және тарихи-мәдени мұраны жаңғыртуға қосқан үлесі үшін Қожаберген жыраудың 350 жылдығына орай мерейтойлық медальмен Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының және «Жеті жарғы» және «Қожаберген жырау» қоғамдық қоры атынан 1-курс магистранты Хошал Джабаркил және журналистика факультетінің доценті Гүлнар Мұқанова, журналистика факультетінің деканы Әбдиманұлы Өмірхан марапатталды.

Экономика және бизнес мектебінің 3 курс студенті Жансерік Әміржановтың жеңісі де көпшілікті қуантып тастады. Қазақстан бойынша муайтайдан 9-дүркін чемпион атанған Жансерік осы жолы да Муайтай республикалық чемпионатында 1-орынды еншіледі.

Жетістіктеріңіз арта берсін деп марапат иелерін шын жүректен құттықтаймыз!

**Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**

**На факультете журналистики КазНУ состоялась презентация книги известной польской поэтессы, лауреата Нобелевской премии в области литературы Виславы Шимборской «В чем повинен Исаак?» с участием Генерального Консула Республики Польша в Алматы Веслава Осуховски.**



## «В чем повинен Исаак?»

«Мы хотели бы подарить казахским любителям поэзии томик несравненной Виславы Шимборской. Я выражаю свою благодарность казахскому народу за любовь и уважение к польской литературе и культуре. Надеемся, наши казахские друзья проникнутся глубиной и жизненной мудростью необыкновенного творчества великих польских поэтов», – отметил, открывая встречу, польский дипломат и поблагодарил руководство КазНУ за организацию мероприятия.

Вислава Шимборская (1923-2012) – известная польская поэтесса и эссеистка, лауреат престижных наград им. Гете и Гердера, Нобелевской Премии в области литературы, обладательница диплома почетного члена Американской Академии Искусств и Литературы, наивысшей польской государственной награды – Дама Ордена Белого Орла.

Книга выпущена Институтом литературы народов мира. В нее включены такие стихи поэтессы, как: «Ночь», «Неожиданная встреча», «На Вавилонской башне», «Счастливая любовь», «Разговор с камнем» и многие другие.

Участники встречи смогли ознакомиться с творчеством автора на казахском и русском языках.

В мероприятии также приняли участие проректор по социальному развитию КазНУ Шолпан Джаманбалаева, президент международного клуба им. Абая Роллан Сейсенбаев, переводчик Абубакир Кайран, представители польской диаспоры, преподаватели и студенты КазНУ.

*Соб. корр.*

## АКАДЕМИК Ө.А. ЖОЛДАСБЕКОВ АТЫНДАҒЫ КОНКУРС ӨТТІ

**2013 жылғы 1-2 наурыз күндері механика-математика факультетінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған академик Ө.Жолдасбеков атындағы мектеп оқушыларының математика және механикадан зерттеу жұмыстарының III Халықаралық конкурсы өтті. Үшінші рет өткізіліп отырған конкурстың негізгі мақсаты – оқушылардың зерттеу жұмыстарының ұйымдастыру және инфрақұрылым жүйесін жетілдіру, математикалық ғылымдар саласындағы зерттеулерге қызығу мен қабілет танытқан жастарды анықтау.**

Сайысқа осы жылғы ғылыми жобалардың облыстық конкурстарының I, II және III дәрежелі дипломдарының иегерлері, республикалық конкурстың ақтық турына жолдама алған қазақстандық мектеп оқушылары мен шет елдік ғылыми жарыстардың жеңімпаздары қатысты. Конкурсты өткізу Ережелеріне сәйкес жеңімпаздар мен жүлде алған оқушыларға ҚР БжҒМ I, II және III дипломдары тапсырылып, олар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Математика және механика институтының жазғы ғылыми-зерттеу тәжірибесіне шақыру алды.

Конкурсқа жіберілген зерттеу жұмыстарын еліміздің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақ-Британ техникалық университеті сияқты жетекші жоғары оқу орындарының осы салаларда ғылыми ізденістер жасап жүрген тәжірибелі оқытушы-профессорлары, ғылым кандидаттары мен докторлары бағалады. Конкурстың әділ қазылар алқасының төрағасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Математика-механика ғылыми зерттеу институтының директоры, ф.-м.ғ.д., профессор Нарқозы Данаевтың айтуынша, байқауға Қазақстанның шығысы мен батысы арасындағы 14 аймақ пен 7 қаладан келген 350-ден аса талантты жастар қатысып, жеке және командалық 283 баяндама тыңдалған. Ғылыми жобалар тақырыптарының аясы жылдан-жылға кеңейіп, мазмұны жақсарып келеді екен. Жеткіншек жастардың ғылымға құлшынысы, озыққа ұмтылысы қуантады, әрине.

Бір айта кететін жайт, бұрын мұндай сайыстарға арнайы, мамандандырылған физика-математикалық, Назарбаев зияткерлік мектептері мен түрік-қазақ лицейлері оқушылары қатысатын болса, биыл Б.Момышұлы атындағы Республикалық әскери мектеп-интернат пен «Арыстан» әскери мектебінің курсанттары да додаға түсіп, жүлделі орындар алды. Жақын шетелден келген тәжікстандық және Қырғыз Республикасының дарынды жастары да дипломдарға ие болды.

Еліміздің атын шығару, ұлтымыздың дәрежесін халықаралық деңгейге көтеру үшін жылына 1-2 алғыр жастың ғылыми жаңалық ашқаны жеткілікті екенін ескерсек, мұндай жарыстардың маңызы аса зор екені әбден түсінікті. Сөз соңында, конкурстың ұйымдастырушыларының бірі – еліміздің жоғары оқу орындарына әлеуетті студенттер мен болашақ ғылыми қызметкерлер дайындаудағы еңбегі ерен Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығы екенін де айта кеткеніміз жөн.

**Болат ӘБЕНОВ**

**1 марта 1931 г. родился академик, заслуженный деятель науки КазССР, ректор КазГУ им. С.М.Кирова (1970-1986 г.г.) Умирбек Джолдасбеков**

# Новые задачи студенческого актива



**Актив студенческих организаций КазНУ им. аль-Фараби скорректировал свою деятельность с Посланием Президента страны «Стратегия «Казахстан-2050».**

На заседании студенческого актива приняли участие ректор КазНУ Галым Мутанов, начальник управления по вопросам молодежной политики аппарата акима г.Алматы Санжар Бокаев, председатели и члены молодежных организаций университета, деканы факультетов, кураторы-эдвайзеры и студенты.

В своем выступлении руководитель комитета молодежных организаций (КМО) университета Сауле Ишангалиева подчеркнула, что: «В Послании Главы государства заданы направления развития страны, поставлены глобальные задачи, в том числе и перед молодежью. Студенчество КазНУ активно включилась в работу и всецело поддерживает курс Лидера нации».



Также она отметила, что система работы студенческого самоуправления в КазНУ построена на принципах социального партнерства. В тесном взаимодействии с администрацией вуза решаются насущные проблемы студентов. Особое внимание уделяется вопросам социальной защиты, организации досуга, научной деятельности студентов.

Член студенческого Бюро по болонскому процессу КазНУ Диана Успанова рассказала участникам встречи о проведении в университете в апреле текущего года III международного студенческого форума «Зеленый мост через поколения». Он проводится с целью поддержки инициатив Президента страны Н.А.Назарбаева «Глобальная стратегия устойчивого энергоэкологического развития в XXI веке» и «Зелёный мост» как научно обоснованных и инновационных принципов преодоления глобальных вызовов современности. Также он направлен на вовлечение студентов в процесс продвижения «зеленой экономики» и взаимодействие и обмен опытом студенческих организаций в реализации экологических инициатив.

Сегодня КМО объединяет и координирует деятельность более 200 студенческих объединений университета. Активно работают Сенат студентов, студенческий профсоюз «Сұңқар», Высший студенческий совет общежитий, студенческий деканат и другие организации. В общественной жизни университета принимают участие более 4 тыс. студентов. Успешно реализуются общеуниверситетские проекты «Айналанды нұрландыр», «100 кітап», «Культ здорового и красивого тела», «КазНУ гринкампус» и др.

Встреча прошла в формате открытого диалога, состоялся обмен мнениями и предложениями по улучшению работы студенческих организаций. Студенческий актив избрал нового руководителя комитета молодежных организаций КазНУ. Им стал студент четвертого курса Высшей школы экономики и бизнеса, председатель Сената студентов Нурлан Абдикадыров.

*Пресс-служба КазНУ*

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті және «Ай-Ару» рухани-танымдық студент қыздар орталығы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқының Жолдауы аясында республика жоғары оқу орындары студенттерінің «Қазіргі заманғы қазақстандық әйел» атты шығармашылық өнер фестивалін өткізді.**

# Шығармашылық бастау байқауы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінен, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінен, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда ммлекеттік университеті, Сүлеймен Демирел атындағы қазақ-түрік университеті, Іліяс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің студенттері бірнеше бағытта шығармашылық өнер жарысына түсті. Белгілі қаламгерлер, өнер адамдары, жоғары оқу орындарының оқытушылары шақырылған байқауға Халықаралық Алаш сыйлығының иегері, сыншы Әлия Бөпежанова, республикалық «Айгөлек» журналының бас редакторы, ақын Қымбат Әбілдина, жазушы Нұрлан Қами, «Қоңыр» тобы қазылық жасады.

Осыдан 75 жыл бұрын 1937 жылы Жолсыз жазаға ұшыраған қазақтың қайраткер тұлғалары бір сәт үнсіздікпен еске түсіріліп, олардың қазақ әйелінің тағдырына қатысты ұстанымдарынан шағын сахналық көрсетілді.

Фестиваль шарты бойынша алдын-ала түскен өтініштерге сәйкес қатысушылардың фильм-жобалары көрсетілді, қоғам және әйел тақырыбындағы өзекті мәселеге құрылған жоба-жарыс өтті.

Оқу орындарының «Ой алаңы» сөз айтысына әзірленіп келген өкілдерінен аралас «Ақтұйғын», «Айтұлпар», «Ақсауыт» топтары жасақталып, қазіргі кезеңдегі бойжеткен қыздар тәрбиесіндегі ықпалды факторлар туралы ойларын ортаға салды. Қазақ әйелінің тағдыры арқау болған ХХ ғасыр басындағы әдеби туындылар бойынша «Кім?» Қайда? Қашан?» зияткерлік сайысына қатысты.

Шығармашылық сайыс әрі қарай дәстүрлі «Ай-Ару» ашқан дарын» концерттік бағдарламасына жалғасты.

Жиын қорытындысында жеңімпаздар арнайы жүлделермен марапатталып, сертификаттар мен дипломдар берілді.

Бас жүлде – Сүлеймен Демирел атындағы қазақ-түрік университеті «Шашы ағарған қыз» фильміне; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Мектептегі қыз бала киім үлгісі» Жобасына берілді. Аталым бойынша Бас жүлдені «Айрықша таңдау талғамы үшін» Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Лондон олимпиадасының чемпионы Илья Ильинның анасы туралы түсірілген «Алып туған ана» фильмі мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Салтанат Мінайханның «Отбасы институты» жобасы алды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің «Бүгінгі қазақ әйелі» фильмі мен «Ерке-Нұр» сән үлгілерін насихаттаған жобасы жүлделі бірінші орындармен марапатталды. «Ұстаздық-өнегелі өмір» фильмі Аталым бойынша бірінші орын алды.

Шығармашылық жарыста «Отбасы институты», «Шаңырақ», «Үміт сәулесі», «Көп балалы ана», «Айналайын баладан», «Қазақ қыздарының көркем әдебиеттегі тұлғалық бейнесі», «Әдіскер ұстаз Нұрша Оразақыноваға», «Ақынның жары», «Дәстүр мен жаңашылдық» атты фильм-жобалар жүлделі 1, 2, 3-орындармен, Аталым бойынша арнайы дипломдармен, ынталандыру сыйлықтармен аталып өтілді.

Құрама топ мүшелері де марапатталды.

Байқау ЖОО студенттерінің шығармашылық әлеуетінің жан-жақтылығын танытты.

Фестивальдің өткізілуіне университет басшылығы, «Жер-Су» корпорациясының президенті Б. Оспанов, «Қарқара» Сауда Орталығының директоры Б.Жақсымбетов, Мемлекеттік тілді дамыту институтының директоры Б. Қапалбеков мырзалар демеушілік жасады.

Фестиваль қонақтары атынан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры Ұлжан Жанбершиева сөйлеп «Ай-Арудың» осындай игі шараларға ұйтқы болып отырғанына ризашылық білдіріп, келешекте басқа да оқу орындарында «Ай-Ару» бастамасымен көшпелі жиындар өтіп отырса деген ұсыныс айтты.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінен профессор Темірхан Тебегенұлы фестивальді ұйымдастырушы ұжым – қарашаңырақ ҚазҰУ-ға алғыс сезімін жеткізді.

Қазіргі қоғамда әйел тұлғасына қатысты жан-жақты ой қозғаған шығармашылық өнер сайысы жастарды жақсы істерге баулудың жаңа бір бастамасы болды.

**Қанипаш МӘДІБАЕВА,**
***«Ай-Ару» рухани-танымдық студент орталығының жетекшісі***

**ҚазҰУ-да поляк ақыны, Нобель сыйлығының лауреаты Вислава Шимборскаяның «Иссақтың қателігі неде?» атты кітабының тұсау кесері өтті**

# Сіз 8 наурызда қандай сыйлық күтесіз?

**8 наурыз күні кез келген ер азамат футболды, газет оқуды ұмытып, жұмысты кейінге қалдырып, сүйіктілеріне сыйлық іздеп жүгіреді. Жалпы, бұл күні нәзік жандылардың бәрі сұлу, бәрі бақытты, өйткені олардың бір жыл бойы асыға күтетін мейрамдары, мінекей дәл осы күн. Біздің редакция да осынау мерейлі мерекемен шын жүректен барша ҚазҰУ-лық аруларды құттықтайды және мерекелік санымызда біз қысқаша сауалнама жүргізген едік. Олай болса, төмендегі көзқарастарға, пікірлерге, ойларға, тілектер мен ниеттерге назар аударайық.**



**Анар САЛҚЫНБАЙ,**
*мемлекеттік тіл кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор:*

*«Мерекеден үлкен сыйлық күтпеймін, сәтімен келген сыйлыққа сүйсінемін»*

– Жаратқаннан қазақтың қыстан аман-есен шығуын, көктемнен мен елдің амандығын, осы мерекеге үлкен жақсылықпен жетуін тілер едім. Ауыл-аймақ аман болса, қалада жүрген біз сияқты «қағазкеміргендерге», «компьютерге телміргендерге» нан болады, тамақ болады. Сонда біздің берекеміз, бірлігіміз кіреді. Ең алдымен, біздің тілегіміз, біздің күтетін ең үлкен сыйлығымыз сол елдің, ауылдың амандығы.

Мерекеде бір үлкен сыйлық берсе екен деген арман менде болған емес. Алланың сәтімен салған сыйлығы болса, ол өзінше бір ғанибет. Мұқағали ағамыз айтақандай «Әйел деген әдемі ғой, әдемі, Әдемілік бізге көптік етпейді», – дегендей әйелдің жаны нәзік. Оларға бір жауқазын, бір қызғалдақ әкеліп берсе, соның өзі оның көңілінің қуанышы. Сол бір гүлдің өзі сол күнгі бір сәттік көңілінді аялауы ықтимал.



**Әйгерім ЖҮНІС,**
*журналистика факультетінің 1-курс студенті:*

*«Ерекше концерт ұйымдастырғанын қалаймын»*

– Қыздарға арнап достарымыз, тобымыздағы жігіттер мереке күні тек жігіттерден құралған топ құрып, үлкен концерттік іс-шара ұйымдастырса ғажап болар еді. Қолдарына бір шоқ гүлден алып, бізге таратса, тіпті тамаша. Мен өзіме қып-қызыл раушан гүлін сыйлағанды ұнатамын.



**Ләззат ЕРІМБЕТОВА,**
*Плазма физикасы, спектроскопия және физикадағы компьютерлік әдістер кафедрасы ассистенті:*

*«Бөлме гүлдерін сыйласа екен...»*

– 8 наурыз - бұл біздер үшін үлкен қуаныш пен шаттыққа толы күн. Жалпы, біздер үшін ғана емес, барлық адамзат үшін үлкен мереке деп айтар едім. Әсіресе осы күнді достарыммен, әріптестеріммен қызықты өткенін қалаймын. Мереке күні физика факультетінің ер мұғалімдері біздерге арнап, ерекше ілтипаттың үлгісін көрсетіп, өздерінің тілектерін жеткізіп, жандары жырға жақын жігіттер өлең арнап жатса, содан асқан әсерлі сәт болма еді. Көбінде жігіттер жағы жауқазын гүлін сыйлап жатады. Бірақ мен үшін өмірде ұмытылмайтын гүл ретінде бөлме гүлдерін санар едім. Ол өзіндік әдемілігімен және бөлмеге көрік беруімен қатар, сіз оны көру арқылы үнемі мереке күнгі қуанышты шақты елестетіп тұрар едіңіз. Ал әріптестерім физика саласына қатысты қол жете бермейтін құнды кітап сыйлап жатса, мен үшін одан артық бақыт жоқ шығар?!




**Көктемгі күн шуағымен қатарласа келетін мерейлі мерекеде аруларымызға жігіттеріміз қандай сыйлық дайындар екен? Сыйлық – ол өлең жолдары болуы мүмкін, ол шоқ гүлдер болуы мүмкін, кейде дәмді тағаммен де мерекелік сыйлықтар ұсынылып жатады. Ендеше азаматтарымыз қандай сыйлықты ұсынғанды жөн санайтынын өздерінен білейік.**

# Сіз 8 наурызда қандай сыйлық сыйлайсыз?



**Әзімбек ҚОҚАНБЕКОВ,**
*аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының профессоры:*

*«Жауқазындай жыр жолдарын жолдаймын»*

– Әр мейрамның бір өзіндік ерекшеліктері болады. 8 наурыздың ерекшелігі сол адамзаттың ішіндегі ең асылы – аналардың мейрамы болғандықтан болар. Оның өзі жылдың ең жақсы мезгілі – көктемнің алғашқы мейрамы болуы да бір кездейсоқ емес сияқты. Бұл күні үлкен болсын, кіші болсын, мейрамды жақсы күтеді. Жастар болса, үлкен аналарына, ерлер болса, қыздарына, жігіттер болса, сүйіктілеріне арнап әр түрлі, солардың көңілін көтеретін сый-құрметтер көрсетеді. Ананы сыйлауды үлкен ғалымдар болсын, жазушылар болсын, ғұламалар болсын үлкен ілтипатпен айтады. Біз осы мерекені асыға күтеміз. Әріптестерімізді, достарымызды, студент қыздарды мерекемен құттықтаймыз. Олар да осы күні көктем күніндегі гүлдердей құлпырып, жайнап кетеді. Олардың әр уақытта құлпырып жүруіне, көңілдерінің сәтті болуына, табысты болуына тілектеспіз.

Өз басым осы мерекеде өлең шығарып, соны арнағанды ұнатамын. Өзім оқытып жүрген студенттерге қарап отырып, есіме бір қызық оқиға түсіп отыр. Әсіресе химия факультетіне оқуға жігіттерден гөрі, қыздар көп түседі. Менің студенттік кезімде де дәл солай болатын. Студенттік кезде 8 наурыз жақындағанда қиналғанымыз рас. Тобымызда бар болғаны 3 ұл, 20-дан астам қыз баласы болатын. Жігіттер маған келіп, «ал, енді не істейміз?», – деп сұрақ қойды. Бір қызығы, осы 8 наурыз менің туған күнім болатын. Содан жігіттер маған «сен туған күніңді жаса» - деді.. Содан кейін мен бір шығынданамын әрі туған күнге келген жігіттердің сыйлықтары барлық қызға жетті. Ал оның үстіне қыздар көп болып келеді, олар да сыйлық ала келеді. Өз сыйлықтарын, бір біріне үлестіріп, тамаша көңіл күймен тарасатын. Ең бастысы, қыздарды сыйлықсыз қалдырмау бірінші міндет екендігін ұмытпайтынбыз, әлі де солай.



**Абай СӘДУАҚАСОВ,**
*журналистика факультетінің аға куратор-эдвайзері:*

*«Жүректерге жол табатын сыйлық тарту еткен дұрыс»*

– Сыйлық сыйлаудың да өзіндік мәні мен құны болады. Осы мерекенің беташар сыйлығы, әрине, гүлден басталатыны жасырын емес. Гүлдей сұлулықты біз әйелдерге теңейміз. Әйел дегеніміз – сұлулық. Өйткені, әлемнің бар асылын, үлдесі мен бүлдесін орнататын – осы нәзік жанды қауым. Адамзат әлемін де құтқарып тұрған осы сұлулық. Сұлуларға сұлу сыйлық жасаудан тартынбау қажет. Мерекеде өз басым шамам келгенше, олардың жүрегіне жол табатындай сыйлық жасауға ұмтыламын. Ең бастысы, сыйлық шын жүректен шықса, содан артық сыйлық бола қоймас. Барша аруларымызды мерекемен шын жүректен құттықтаймын!



**Ербол МОЛДАЖАНОВ,**
*филология және әлем тілдері факультетінің студенттік деканы:*

– Мереке күні анаға,аруға қандай сыйлық берілсе де, сыйлықтың ақша мен байлықтың күшімен өлшенбейтіндігін түсіну керек. Ол сонда ғана өзінің парқын жоғалтпаған сыйлық болады. Мен өзім осы қағиданы берік ұстанамын.

**В 1910 г. на Международной конференции в Копенгагене (Дания) было принято решение о праздновании 8 марта – Международного женского дня**

# Құштарлық

(мөлтек сыр)

Таң атып келеді. Шығыс жақтан нұрын төгіп келе жатқан күн, өзінің еркелігіне басып ақбас Алатаудың шыңдарынан сығалай қарап, көтеріліп келеді. Күннің шуағына, оның әппақ нұрына малынған таудың дидары, тіпті, керемет! Сол керемет келбеттің арасында жасырылған үлкен бір құштарлық пен пәктіктің, тазалық пен мөлдірліктің, аппақ ақ нұрдың назы мен сазы, көңілі мен көркі енген сұлу бір жаратылыс бар. Аңызға сүйенсек, оны күндіз-түні аса сақтықпен, үлкен қызғаныш пен сағыныш тұнған махаббат құдіретімен күзетіп, үнемі қорып, қорғап жүреді екен. Оның сұлулығы мен қайсарлығы мені таңғалдырады.

Тіршілік енді ғана ояна бастаған наурыздың алғашқы күндері әппақ ақ қауызын ашып, биік-биік шыңның қақ төрінде, жартастардың жақпар-жақпар бөлінде, қалың қарлардың аязды суығына қарамастан ерекше құдіретпен, таудың қатал табиғатын кішкентай ғана көркімен қарсы тұратын қайсарлығы, оның өмірге деген махаббаты шығар. Бәлкім, бұл сіз аңғара қойғаманыңызбен, адамзаттың ең үлкен сүйіспеншілігі саналатын махаббатының нышаны осы болар?! Махаббат та солай, ол сұлулықты, қайсарлықты, құштарлықты талап етеді. Ең бастысы, жан сұлулығына келіп тіреледі. Міне, сол сұлулықтардың барлығын бүтін бір болмысына жиған нәзік те болса, қайсар гүл сол биік шыңдардың құшағында. Сол сезімнің сіз біле бермейтін пәктігін, тазалығын айшықтайтын ару гүлді адамзат «Еңлікгүл» деген атаумен таниды.

Осы гүл жайлы арман қуған көп альпенистерді білемін. Бір ғажабы ол, бұл жай гүл емес. Шыңдарда өседі дегенімізбен, ол тек ізгі, жақсы, адал, жаны жаратқанның сұлулығына құштар жандарға ғана көрінеді екен. Әлгі айтқан көп альпенистерімiздің өзі, сан мәрте тау бағындырса да, сол гүлді көре алмай, өкінішпен қайтқандары болыпты.

Көбіміз осы көктем келіп, алғашқы меркеміз саналатын 8 наурыз әйелдер мерекесін қызғалдақ, жауқазын, раушан гүлдерімен байланыстырамыз. Мен де бұл гүлді сыйлауға қарсы емеспін. Бірақ арулардың жанын түсіне білген жігіт қыздарды еңлікгүлге теңеп, соның бір шоғын тарту етсе, соның өзі ерекше,үлкен ілтипат болар еді деп ойлаймын. Осы гүлді мен аналарымызға, аруларымызға теңеймін. Оның бойындағы сарқылмас ұлы күш көктегі Жаратушы Тәңіріміздеп басталып, анау жатқан үлкен мұзарт шыңдардың рухымен ұштасады.

Ана да, ару да дәл солай! Ананың аялы алақаны, арудың әсем күлкісі мен сыңғырлаған сөздері сол гүлдей керемет, ғажап!

Әлемді әлдилеген сұлулық! Ал сұлулық адамзаттың іргесін ұстап тұрған тұғыры, тірегі, қалқаны. Соғысты да тоқтататын, дауды да тоқтататын, ел мен елді, жер мен жерді тоқтататын да сол сұлулық.

Арулардың сұлулығын көріп, сұқтанасың, таңданасың, тамсанасың. Қолың жетпей сол гүлге, басыңды ұрып, мына өмірге қынжыласын. Олардың сұлулығы сол еңлікгүлдей. Оның келбеті ойыңда елес болып сағымданса да, қолына жетпей сейіліп кете барады. Енді жетейін десең, тағы алыстап, тым биіктеп кете барады. Ақ дидары ақ сағым болып, ақ бұлттардан әрі асады. Есімі көктегі ақша бұлттарда жазылып, санаңа келіп тоқталады.

Сананы мазалаған сол есім, сенің келіп жүрегіңе жатталады. Ал енді жүректің емін, сол ару қашан жазар еді деп, тұншыққан ойдың тұманында сандалады. Сандаласың, сабыр күтіп жаратқаннан жақсы жаңалықты күтесің. Күндер өтеді, айлар өтеді. Уақыт бағасын білген адамға сол бір арудың жай ғана алыстан көрген жүзінің өзі үлкен бақыт екенін ұғындырады. Оның сенің жаныңнан алыстап бара жатқанын байқасаң да, жүрегіңде мәңгілікке кіршіксіз, пәк сұлулығымен жатталып қалатындығын ұғынады екенсің.

